

АНА ТІЛІ

Ғұн Тағын

1990 жылғы
наурыздың 22-сінен
бастап шығады

Біздің курстың ғылымдағы пионері



Алматыға келіп, КазГУ-ге оқуға түскенімде курстағы 55 студенттің ішіндегі Гүлнар Уайсоваға неге «бүйрегім бұрғанын» мен де білмеймін. Сырт қарағанда екеумізді жақындастыратын ештеңе жоқтай. Ол – «подкурстан» түскен, еңбек өтілі бар, мінезі салмақты, айтарын он ойлап барып, ортаға салатын қараторы өнді, әдемі бойжеткен. Ал мен сол жылғы бір орынға он түлек дәмелі болған конкурстан өткен аз оқушының бірі, Гүлнардың тілімен айтқанда «сары ауыз балапанмын», ойымды бүкпей айта салатыным бар. Балалықтан арыла қоймаған кез, тыным таппайтын едім.

Ол – ауылдың қызы, сол кездегі Гурьев (Атырау) облысының Қызылқоға ауданындағы «Тайсойған» деген жерден, мен Арқалық қаласында өскенмін. Жасым кіші болған соң кейде еркелеп, «менікі дұрыс» деп қырсыға қалатыныма қазір өзім де таң қаламын. Танысқанда бойымыз шамалас болғанына қарап, Гүлнардың жасы өзімнен сәл үлкен екенін мойындағым келмей: «Бәрібір, үлкен емессің, пионер сияқты кіп-кішкентайсың ғой» дегенімді курстастар әлі күнге күліп еске алады. Содан кейін курстағы басқа «Гүлнар» атты қыздардан ажырату үшін «Пионер Гүлнар» дейтін едік. Аузыма Құдай салған болар, Гүлнар – ішімізде диссертацияны бізден бұрын қорғап, ғылыми жолға түскен алғашқы пионеріміз болды. Алған біліміне, қорғаған тақырыбына адал курстасымыз 1990 жылдан бері Қазақ педагогикалық білімінің қара шаңырағы – Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университетінде ұстаздық етеді.

Реті келгенде онымен аттас басқа Гүлнарлар туралы айта кетейін. Курсымызда Гүлнар атты бес қыз болды – біреуін шақырса, бесеуі де жүгіріп баратын. Не біреуі де «әу» демейтін. Олардың бір-бір «қосалқы атқа» ие болуына да осы жағдай себеп болды.

Әкесінің қасында жүріп, үйдің сыртқы шаруасын істеп өскендіктен, қолы қарулы, денесі ірі Гүлнар Есқалиеваға «Дәу Гүлнәр» деген атты қуақы тілді, ойынпаз досымыз Әли (марқұм) берді. Қызымыз түк те ренжіген жоқ. «Дәу!» десе, «әу?» деп жымия күліп тұратын.

Ұйымдастырушылық қабілеті мол, игі істердің басынан табылатын Гүлнар Нүркенова көбіне шалбар киіп жүретін. Шашы қысқа қиылған. Қимылы ширақ, ойынпаз, жігіттермен күресе кетуден де тайынбайтын мінезіне қарай болар, бір күнде «Ұл Гүлнар» боп шыға келді.

Гүлнәр Құдабаева – біздің курстан шыққан бірнеше жұптың ішінде берекелі отбасының ұйытқысы болып отырған досымыз. Белгілі ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Әділғазы Қайырбековтың жары.

Домбыра тартып, сызылта ән салатын. Мектеп бітіре сала түскен аз абитуриенттің біріне «Кішкентай Гүлнәр» деген ат жараса кетті.

Оқуға түскен жылы «Тескенсуда» қолымыз шырыш-шырыш болып, түшкіріп-пысқырып, темекі теріп жүргенімізде ұстаздарымыз 1 жігіт, 5 қызды ертіп әкелді. Моңғолияның Баянөлкесінен келген Мұрат, Ботагөз, Хибадет, Дәметкен, Арман, Гүлнәр курсымызға осылайша қосылды. Сырттан келген Гүлнарді аз уақыт «Моңғол Гүлнар» деп жүріп, ата-анасы «Күнішай» дейтінін естіген соң, біз де солай атап кеттік.

Біздің Гүлнарлардың кейін өмір жолында осалы болған жоқ. Оны оқып жүргенімізде-ақ сезгенбіз. Олар стипендиясының соңғы тиынын беретін, жатақханадан орын ала алмай, пәтер жалдауға жағдайы келмей жүрген курстастарын вахтерлерге көрсетпей бөлмелеріне кіргізіп алатын қайырымды, досқа адал қыздар болды. Конспектін көшіріп, пиязға қуырылған макаронуна тойып алып, бір жігітіміздің:

«Сессия келіп қалғанда//Ашқұрсақ жүрсен – сол қайғы//Көжесін құйып беретін//Білімнің нұрын себетін//Гүлнарлар осал болмайды» деп жырлағаны – дәл сөз. Бұл жерде «білімнің нұрын себетін» деп, біздің бүгінгі кейіпкеріміз Гүлнарды сипаттағанын білдік және кейін оның шын мәнінде білім нұрын себетін ұстаз болатынына кәміл сендік. Өйткені ол алғашқы курстан бастап-ақ білімге деген құштарлығымен көбімізге үлгі болып, ізденімпаздығымен, еңбекқорлығымен ұстаздарымыздың назарын аударды. 1978 жылы оқуын бітіріп, туған жеріне аттанып кетті.

Екі жыл бойы Гурьев педагогикалық институты Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы болып еңбек етіп, 1980 жылы Ы.Алтынсарин атындағы педагогика ғылымының ғылыми зерттеу институтының аспирантурасына оқуға түсті. Бірнеше жыл бойы тіл, қазақ тілін оқыту теориясы мен әдістемесі тақырыбын індете зерттеп, «Қазақ мектебінде ана тілінің лексикасын оқыту әдістемесі» тақырыбы бойынша 1993 жылы кандидаттық диссертациясын қорғап шыққанда, біз, курстастары, «арамыздан ғалым шықты» деп қатты қуандық.

Гүлнар тіл ғылымына бала кезден қызыққан болар деп ойлаймын. Оны біз филология факультетіне түскен соң «әдебиетшілер», «тілшілер» деп аталатын екі топқа бөлінгенімізге қарап айтып отырмын. Ортақ дәрістер көп болғанмен, екі топ екі бағытта оқитын сабақтарымыз алғашқы курста-ақ басталды. Мен бірінші, Гүлнар екінші топта болып шықтық.

Шыны керек, филолог боламын деген ой басыма да келмеген бала шақта әдебиеттің небір жауһарын оқып үлгерген мен мұндай бөліске қатты қуандым. Тобымызда ертегілер мен аңыздарды айтқанда ойдан қосып та жіберетін, жырларды жатқа оқитын, заманауи жазушылардың шығармаларын кәсіби сыншыдай талдайтын студенттер көп еді. Әдебиетті құныға оқуымыз әсер етті ме екен, сөзіміздің көркем, әдеби және әсерлі болуын ойлап, көп оқып, үлкендерге еліктеп, солардан көбірек үйренуге ұмтылатынбыз. Осындай ынта мен сүйіспеншіліктің арқасында курстан бірнеше ақын, жазушы, әдебиет зерттеушісі, ғалым шықты.

«Дыбыстарды ажыратамыз, сауатты жаза аламыз, жалғау мен жұрнақты, сөз таптарын мектепте-ақ біліп алғанбыз... олардан басқа тағы не бар?» деп «әдебиетшілер» екінші топтағыларды қажайтын. Тілдің тереңіне бойламаған бізге екінші топтың сабақтары қызық еместей көрінетін. Ол ойымыздың жаңсақ екеніне өзіміз қолымыздан тастамайтын «Тіл білімінің негіздері» деген кітаптың авторы, профессор Кәкен Аханов алғаш көзімізді жеткізген. Біз К.Ахановтың деканымыз болғанын, қазақ тіл білімінің теориясы, әдіснамалық тұрғыдан жүйеленуі, қазақ тілінің әлемдік тілдер арасындағы алатын орны мен ерекшеліктерін зерттегенін мақтанышпен айтып жүреміз. Аудиторияға аңыз-адам, өзіміз мектепте оқыған қазақ тілі кітаптарын жазған Мәулен Балақаев басын асқақ ұстап кіріп келгенде у-шу болып отырған студенттердің тына қалғаны әлі есімде. Қазір қалай екенін білмедім, біздің заманда филолог болам деп келген әр түлекке М.Балақаевтың аты таныс еді. Кейін оның «Жай сөйлем синтаксисі» деген докторлық диссертациясы тіл білімі тарихындағы жаңалық деп танылғанын білгенімізде ұстазымызға деген құрметіміз еселене түсті. Мәулен ағай студенттердің мысын баспай, сәл ойнақы сөйлейтін. Өзінің түрі «қазаққа ұқсас емес» болғандықтан, қызық оқиғаларға тап болатынын айтып, күлдіретін.

Мархабат Томанов ағайымыз көне түркі жазба ескерткіштерінің сырын ашу арқылы қазақ тілі грамматикасының тарихын білуге жетелесе, басқа оқытушыларға қарағанда бізге жақындау жүретін кураторымыз Мырзатай Серғалиев ағай тіл мәдениеті туралы керемет дәрістер оқитын.

Ал Талғат Сайрамбаевтың есімі қазақ тіл білімі синтаксисінің өзекті саласы – сөз тіркесінің қалыптасу кезеңдері, даму тарихы және тілдік қолданыстағы өзіндік ерекшеліктерін жан-жақты зерттеген үлкен ғалым ретінде үлкен құрметпен аталады. Гүлнардың қабілетін дайындық курсында-ақ байқап, 3-курстан бастап ғылыми конференцияларға қатыстыра бастаған да сол ағайымыз. Болашағынан үміт еткен шәкіртінің диплом жұмысына да өзі жетекшілік жасады.

Айта берсек, әңгіме көп. Мен барлық ұстаздарымызды емес, Гүлнар ден қойған тіл білімі саласында сабақ берген оқытушылардың бір тобын ғана

айтып отырмын. Олардың дәрістерінен қазақ тілі біз ойлағандай «жұрнақ-жалғау, септіктер» ғана емес, мұхит сияқты шетсіз-шексіз ғылым екенін, оның көне түркі жазба ескерткіштері, грамматика, синтаксис, қазақ тіл білімінің теориясы, қазақ тілі грамматикасының тарихы, емле, терминология, стилистика, тіл мәдениеті, қазақ әдеби тілі, қазақ тілін оқыту әдістемесі... тағы басқа, біздің түсімізге де кірмеген көптеген салалары бар екенін білдік. Міне, сондықтан да, осындай мұхитқа жүрексінбей қойып кеткен Гүлнарымыздың батылдығына сүйсініп, біліміне сендік.

Бүгінде Гүлнар Инаматқызы Уайсова – ұстаздарынан алған эстафетаны колда ұстап, 45 жыл бойы лайықты алып келе жатқан ғалым. Оның негізгі зерттеу объектісі – бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту мәселелері. Өйткені бар білімнің негізі бастауышта қаланатынын жақсы біледі. Мысалы, қазіргі уақыттың ең үлкен проблемаларының бірі – балалардың ана тілінде дұрыс сөйлей алмауы. Тіпті қазақ мектебіне барған бала да сөйлемін сауатты құра алмай жатады. Осыны байқаған ғалым бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту мәселелерін саналы түрде ғылыми қызметінің арқауы етіп алған. Ғалым «Бастауыш сыныпта морфологияны тұлғаға бағдарлап оқыту» тақырыбын зерттеп, «Бастауыш сынып оқушыларында дереккөздермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру», «Бастауыш мектептің болашақ мамандарын жанартылған білім беру мазмұнын енгізуге дайындау», «Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесінің тарихы», «Шағын жинақты бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту» (Г.Т.Сәдуақаспен бірге), «Қазіргі қазақ тілі негіздері», «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» (Ә.Е.Жұмабаевамен бірге), «Қазақ тілі» (Жалпы білім беретін мектептің 2,3,4-сыныптарына арналған оқулықтар. 1,2-бөлім) (2017, 2018, 2019 жылдары қайталап шығарылған), «3-класстың «Қазақ тілі оқулығына әдістемелік нұсқау» (М.Балақаевпен бірге), жалпы білім беретін мектептің мұғалімдеріне арналған «Қазақ тілі. Диктанттар жинағы» (А.С. Бесіровамен бірге) сияқты 150-ден астам ғылыми мақала, оқулық, оқу құралын, әдістеме, бағдарлама жазды.

Не деген еңбек! Өзіміз де зерттеу жүргізетін болғандықтан, бұлардың ар жағында қаншама ізденіс пен қара жұмыс жатқанын жақсы түсінеміз. Бұл жерде ғалымның оқулықтары бірнеше рет қайталанып басылуы, оның өз ұстазы, тіл білімінің аңыз-адамы Мәулен Балақаевпен бірлесе кітап жазуы, жай мектепке ғана емес, ерекше балалардың қабілетін ескере отырып, олар оқитын мектептерге арналған оқу құралдарын шығаруы – мақтауға, мақтануға тұрарлық, қандай да құрметке лайық еңбек.

Осыдан бірер жыл бұрын ҚР БҒМ Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығы мұрындық болып, үлкен форум өткізілді. Соның оқулық авторлары мен сарапшылар, баспалар өкілдері, министрлік өкілдері және әдістемелік кабинеттердің әдіскерлері қатысқан «Заманауи оқулық: мазмұн мен форматқа жаңаша көзқарас» тақырыбындағы панельдік сессиясында мектеп оқулықтарының мазмұны мен форматына қатысты заманауи өзгерістер талқыланды. Міне, сол жиында жаңа оқу жылында енгізілетін «Әліппе» оқулығын оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдемелері, «Ана

тілі» оқулығының мазмұны мен құрылымы туралы Абай атындағы ҚазҰПУ ғалымдары, профессор, п.ғ.д. Әзия Жұмабаева және профессор, п.ғ.к Гүлнар Уайсованың баяндама жасауы – жоғарыдағы пікірімізге бір мысал.

Біз оқу бітіргелі де көп жыл өтті. Заман мың құбылды, қоғамдық формация да, мемлекеттік құрылым да өзгерді. Өзгермеген Гүлнар ғана: әлі баяғыдай талдырмаш бойлы, биязы мінезді. Сол қарапайым, салмақты қалпы ұзақ жыл бойы жастарға білімін, күш-жігерін, жүрек жылуын сыйлап келе жатқан, өзі екінші үйіндей көретін университетіне кетіп бара жатады. Бұл оқу ордасы – Гүлнар Уайсованың жарты ғасырлық ғұмырының, оның қуанған, жылаған, қиналған, жігерленіп, бойын тіктеген сәттерінің куәсі.

Ал аудиторияларда бір кездегі өзіміз сияқты оқуға ынталы, білімге құштар жастар қазақ тіл білімі алыптарының алдын көріп, олардың сабақ беру шеберлігін бойына сіңірген, студент пен ұстаз арасында жібектей нәзік, болаттай берік көпір орната алатын өресі биік оқытушы, зиялы ғалым Гүлнар Инаматқызы Уайсованың дәрістерін асыға күтіп отырады деп сенемін.

**Камал Әлпейісова,
филология ғылымының
кандидаты, Қазақстан
Жазушылар одағының мүшесі**